

БЖЗҚ өзекті сауалдарға жауап береді

1. Қайырлы күн, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен емделуге және тұрғын үйге біржолғы зейнетақы төлемдерін ала аламын ба?

2023 жылғы 1 шілдеден бастап ҚР қабылданған Әлеуметтік кодекске сәйкес тұрғын үйге және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен ғана қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан жүзеге асырылатын болады.

Сол күннен бастап зейнетақы төлемдерін еңбек сіңірген жылдары бойынша (яғни зейнеткерлікке шыққан бұрынғы әскери қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдар) алып жүрген МЗЖ салымшылары да тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдеріне құқылы болады.

2. Мен кездейсоқ қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне жерлеу үшін берілетін біржолғы төлемнің көбейгенін білдім. Оны қандай мөлшерде ала аламыз?

2023 жылғы 1 шілдеден бастап ҚР Әлеуметтік кодексі күшіне енді. Онда бірқатар жаңалықтар қарастырылған. Соның ішінде қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарынан отбасына жерлеуге берілетін төлем шарттарына қатысты жаңалықтар да қамтылған.

Әлеуметтік кодекстің 242-бабының 3-тармағына сәйкес БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасы мүшелеріне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 94 еселенген айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК) мөлшеріндегі сома шегінде қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтары қаражаты есебінен жерлеуге арналған біржолғы төлем жүргізіледі. Бірақ төлем сомасы қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотында (бұдан әрі-ЖЗШ) бар қаражаттан артық болмауы тиіс.

Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін қайтыс болған адамның ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының қалдығы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраса, бұл қалдық қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне жерлеуге арналған біржолғы төлеммен бірге беріледі.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін 2023 жылғы 1 шілдеден бастап күші жойылған "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында жерлеуге арналған біржолғы төлемге өтінішті жерлеуді жүзеге асырған адамдар да бере алатын, ал төлем 52,4 еселенген АЕК сомасына тең болатын.

Енді 2023 жылғы 1 шілдеден бастап БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда жерлеуге арналған біржолғы төлем сомасы 52,4 еселенген АЕК-тен республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 94 еселенген АЕК-ке дейін ұлғайды. Бірақ қайтыс болған адамның БЖЗҚ-дағы ЖЗШ-да бар қаражатынан аспауы керек. Бұл ретте БЖЗҚ-дан жерлеуге арналған біржолғы төлем БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне ғана төленеді.

3. Жерлеуге берілетін төлемді алу үшін қандай құжаттар қажет және жақын туысым қайтыс болған жағдайда жерлеуге берілетін төлемді қанша мерзімде аламын?

Құжаттар тізімі құжаттарды тапсыратын адамның жасына байланысты өзгеруі мүмкін. Егер бұл 14 жасқа дейінгі бала болса, онда құжаттарды оның заңды өкілі тапсыруы керек. Егер ол 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған жасөспірім болса, оның заңды өкілінің келісімі қажет. Бұдан басқа, егер мемлекеттік органдардың дерекқорында

адамның қайтыс болуы туралы ақпарат, сондай-ақ БЖЗҚ-да ЖЗШ бар қайтыс болған адаммен туыстық байланысты растайтын мәліметтер болса, қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне арналған құжаттар тізбесі айтарлықтай қысқартылуы мүмкін.

БЖЗҚ-ға жерлеуге берілетін біржолғы төлемді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың толық тізбесімен БЖЗҚ сайтында танысуға болады.

БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда БЖЗҚ-дан жерлеуге берілетін біржолғы төлемдер БЖЗҚ-ға құжаттар қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Егер жерлеуге арналған біржолғы төлемді жүзеге асырғаннан кейін қайтыс болған салымшының БЖЗҚ-дағы ЖЗШ-да зейнетақы жинақтары қалса, онда олар бұдан әрі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

4. Инвестициялық портфельді басқарушылар, ҚРҰБ және БЖЗҚ өз қызметтері үшін қандай комиссиялық сыйақы алады?

БЖЗҚ 2021 жылдан бастап инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы алмайды. Оны тек зейнетақы активтерін басқарушылар ғана алады: ҚР Ұлттық Банкі және инвестициялық портфельді басқарушылар.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген Әлеуметтік кодекске сәйкес БЖЗҚ комиссиялық сыйақысының шамасы – зейнетақы активтерінен айына 0,008% (0,001% мөлшерінен азайды). Сондай-ақ, комиссиялық сыйақының мөлшері қосымша шектелді – ол республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын 0,04 еселенген айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) туындысы ретінде айқындалатын шамадан және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында тиісті күнтізбелік айдың 1-күніндегі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есепке алынатын зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының санынан аспауы тиіс.

БЖЗҚ комиссиялық сыйақысы ақпараттық және телекоммуникациялық қызметтерді дамыту, жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдау, қызметкерлерге еңбекақы төлеу, пошта және хабарлау қызметтері және т. б. үшін пайдаланылады.

Әлеуметтік кодекске сәйкес, ҚРҰБ инвестициялық табыстың 2% аспайтын мөлшерде комиссия алуға құқығы бар. 2023 жылы ол тағы да төмендеп, 1,5% болды.

Инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) инвестициялық табыстың 7,5% аспайтын мөлшерде комиссия алуға құқылы. Комиссиялық сыйақының нақты шамасын жыл сайын ИПБ басқару органы бекітеді және жылына көп дегенде 1 рет өзгеруі мүмкін. 2023 жылға арналған ИПБ комиссиялық сыйақысы туралы өзекті ақпарат enpf.kz сайтындағы "Қызметтер" - "Инвестициялық портфельді басқарушылардың тізілімі" бөлімінде орналастырылған.

5. Ұялы қосымшадағы Жеке кабинетімді тексерген сайын инвестициялық кірістің өзгеріске ұшырағанын көремін. Оның мөлшері неге байланысты?

Инвестициялық кіріс бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. құралады. Жеке зейнетақы шоттарына түсетін зейнетақы жарналарын зейнетақы активтерін сенімгерлік басқарушы - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) ҚР және шетелдегі экономиканың түрлі секторларының әртүрлі валютадағы сенімді қаржы құралдарына инвестициялайды. Осындай әртараптандыру есебінен активтердің сақталуы және тұрақты инвестициялық кірістілік қамтамасыз етіледі.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтері ҚРҰБ Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген инвестициялық декларацияға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 15 ақпандағы №29 қаулысына сәйкес ИПБ-лар үшін зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесіне сәйкес инвестицияланады.

Әр ИПБ-ның "Зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін инвестициялық портфельді басқарушыларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 29 қаулысы шеңберінде зейнетақы активтерін инвестициялаудың өзіндік стратегиялары бар және инвестициялық декларация шеңберінде инвестициялық портфельдің құрылымын дербес айқындайды. Барлық зейнетақы жинақтарының есебін (тіпті олардың бір бөлігін жеке басқарушы компанияларға аударғаннан кейін де) БЖЗҚ жүргізеді.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және БЖЗҚ зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат БЖЗҚ ресми сайтында орналастырылады (www.enpf.kz) ай сайынғы негізде" көрсеткіштер/инвестициялық қызмет " бөлімінде.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижелеріне сәйкес апта сайын қайта есептеліп, қайта бағаланады. Инвестициялау нәтижесінде пайда болатын инвестициялық кіріс құбылмалы шама болып табылатынын және көптеген факторларға, соның ішінде бағалы қағаздардың нарықтық құнына және валюта бағамдарының өзгеруіне тәуелді екенін атап өткіміз келеді.

Айта кетейік, зейнетақы активтері ұзақ инвестициялық көкжиекпен сипатталады және жинақтаушы зейнетақы жүйесі енгізілген сәттен бастап барлық кезеңдегі ұзақ мерзімді перспективада зейнетақы жинақтарының оң нақты кірістілігі қамтамасыз етіледі.

Ескерте кеткен жөн, инвестициялық қызметтің нәтижелеріне қарамастан, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, зейнетақы жарналарының міндетті түрлерінің сақталуына мемлекеттік кепілдік бар. Салымшының төлем құқығы басталған кезде жекелеген кезеңдерде оның жинақталған кірістілігіне әсер еткен кірістіліктің төмендеуі байқалған кездердегі айырманың өтелуіне мемлекет кепілдігі қарастырылған және ол салымшыға алғашқы зейнетақы төлемімен бірге зейнеткерлік жасқа толған кезде автоматты түрде төленеді.

Осылайша, жинақтаушы зейнетақы жүйесінде кірістілік пен инфляция көрсеткіштерін ұзақ уақыт мерзімі бойынша қарастырған жөн.